

# Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 13 (507) 16 қыркүйек 2021 жылы



## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ЕКПЕ АЛҒАН СТУДЕНТТЕР БАҒАЛЫ СЫЙЛЫҚҚА ИЕ БОЛДЫ

Біздің оқу ордамызда 2021 жылдың 9-16 тамызына дейін COVID-19 вакцинасының екі компонентін алған студенттер арасында ұтыс ойындарын жариялаған болатын. Оған оқу ордамыздың екпе қабылдап, вакцинация төлқұжатын алған барлық студенттер қатысты.

2 БЕТТЕ

### КЕЛЕШЕГІМІЗДІ КЕМЕЛ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы назар аударған мәселелердің бірі – грант бөлу. Студенттердің сапалы білім алып, ештеңеге алаңдамай, біліктілігін арттыру ісіне ден қоюы керектігіне тоқталды. Болашақта оқу орындарына бөлінетін грант саны артпақ. Дефицит сезілген мамандықтар бойынша тегін оқыту мәселесі де жолға қойылады. Президент Жолдауындағы басым бағыттың бірі – қолжетімді білім мәселесі. Бұл салаға ерекше көңіл бөлінетіндігі ЖОО ұстаздарын қуантып отыр.

3 БЕТТЕ

### AKGÜN АВТОМАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Университет AKGÜN автоматтандыру жүйесіне өтуді бастады. Бірінші болып жатақхананы осы жүйе бойынша беру іске асырылуда. Алдағы уақытта университеттің барлық саласы осы базада автоматтандырылатын болады. Бұл бағдарламаның артықшылығы адаммен тікелей байланыс болмайды. Әр білімгер жеке паролі арқылы құжаттарды ендіреді.

5 БЕТТЕ

## «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты жыл сайынғы Жолдауын жариялады, ол келесі мәселелерге арналған:

1. Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму;
2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру;
3. Сапалы білім беру;
4. Өңірлік саясатты жетілдіру;
5. Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру;
6. Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау;
7. Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы.

Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз. Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа. Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек. Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн. Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым. Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді

іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек. Келесі мәселе. Грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр. Осындай қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені анық. Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн. Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұр. Осыған орай, апелляция институтын енгізу қажет деп санаймын. Жалпы,



еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауынан, 2021 жылғы 1 қыркүйек

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Түркі дүниесінің  
қара шаңырағы -  
халықаралық қазақ-түрік  
университетіне хош  
келдіңіздер,  
білімгер-2021!

Биылғы оқу жылында университетімізге бакалавриат бойынша - 2034, магистратураға - 215, резидентураға - 19, докторантураға - 12 білімгер қабылданды.





## ЖАҢАЛЫҚТАР

## ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС САРАПТАЛЫП, АЛДАҒЫ ЖОСПАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Университетімізде тамыздың 31 жұлдызында кеңейтілген Сенат мәжілісі өтті. Сенатқа сенат мүшелері, құрылымдық басшылар, оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер – университет ректорының 2020-2021 оқу жылының екінші жартысындағы есебі және жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындық барысы туралы. 2021-2022 оқу жылындағы Сенат және Басқару Кеңесінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сенат хатшысын тағайындау туралы. Университет Сенатының 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс жоспарын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «жыл сайынғы ғылым саласындағы сыйлығына ізденіс» конкурсына ізденушілердің құжаттарын ұсыну туралы және басқа да түрлі мәселелер қаралды.

Бірінші мәселе бойынша университет ректор Ж.Темірбекова 2020-2021 оқу жылының екінші жартысындағы есебі және жаңа 2021-2022 оқу жылының жоспарларымен бөлісті.

Соңғы алты ай ішіндегі қол жеткізген жетістіктері, атқарылған шаруалар, жаңа оқу жылына дайындық, оқу ғимараттары мен жатақханаларға жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу, студенттер мен оқытушыларға жасалған жағдай, пандемия кезіндегі оқу процесі және тағы басқа мәселелер баяндалды.

Ректор осы оқу жылында 1500 орындық жатақхана құрылысын салу басталатынын, сонымен қатар Өкілетті Кеңеспен кеңесе отырып жалақыны арттыру бойынша жұмыстардың жүргізіліп жатқаны туралы қуанышты хабармен бөлісті.

Жаңа 2021-2022 оқу жылындағы Сенат және Басқару Кеңесінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сенат хатшысы М.Асанованың басқа қызметке ауысуына байланысты орнына Ө. Құралбаева тағайындалды.

Университет Сенатының 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс жоспары талқыланып бекітілді.

Академиялық мәселелер бойынша сөз алған вице-ректор Э.Идрисова 2021-2022 оқу жылының Академиялық күнтізбесіндегі өзгерістермен таныстырды.

Мәжіліс соңында ректор Ж.Темірбекова Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Диссертациялық Кеңес шешімімен PhD доктор ғылыми дәрежесі берілген ізденушілерге диплом табыстады.

## ЕКПЕ АЛҒАН СТУДЕНТТЕР БАҒАЛЫ СЫЙЛЫҚҚА ИЕ БОЛДЫ



Жеңімпаз студенттер университет әкімшілігіне ризашылығын білдірді.



**Рахат БИРЖАНҰЛЫ,**  
Жалпы медицина факультетінің 2-курс студенті



**Жасулан ҮСЕНОВ,**  
филология факультетінің 3-курс студенті

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың тапсырмасынан кейін еліміздегі жоғары оқу орындары студенттерді вакцина алуға ынталандыру мақсатында түрлі іс-шара ұйымдастырды. Біздің университетімізде де 2021 жылдың 9-16 тамызына дейін COVID-19 вакцинасының екі компонентін алған студенттер арасында ұтыс ойындарын жариялаған болатын. Оған оқу ордамыздың екпе қабылдап, вакцинация төлқұжатын алған барлық студенттер қатысты.

Байқауға қатысу үшін қатысушы 15 тамызға дейін екпенің екі компонентін алуы керек. Университетіміздің @yassawi.university.official инстаграм парақшасына тіркелу де міндетті.

<http://ekreal.yu.edu.kz/> сайтында жеке деректеріңізді, COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудан толық өткеніңіз туралы төлқұжат нөмірін тіркеу.

Сонымен, кезекті ұтыс ойындарында келесі жүлделер ойнатылды: OPPO Enco W11 сымсыз құлаққаптары – 2, Mi Smart Band 5 фитнес-сағаттары – 2, Vivo Wireless Sport Lite сымсыз құлаққаптары – 2, Harman JBL сымсыз құлаққаптары – 2, Power Bank – 4, Рюкзак – 4. жалпы 16 жүлде ойнатылды.

Айта кетейік, оқу ордамызда екпе қабылдап, вакцинация төлқұжатын алған оқытушы-профессорлар құрамы мен университет қызметкерлері арасында да байқау өткен болатын. Жеңімпаздарға емдеу-сауықтыру орталықтарына 50 пайыздық жеңілдікпен (Манкент және Сарыағаштағы демалыс орындарына 10 күнге) 2 жолдама берілген болатын.

Жеңімпаздар 16 тамыз күні 11:00-де @yassawi.university.official инстаграм парақшасының тікелей эфирінде анықталды. Ұтыс ойынының тиімді және әділ жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында ойын Ережесі бекітіліп, арнайы комиссия құрылды. Жеңімпаздарды анықтау университеттен арнайы құрылған комиссия мүшелерінің қатысуымен өтті.

Университет білім алушылары мен қызметкерлері арасында вакцина ектіру жұмыстары тиімді ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта ынталандыру үшін конкурстың екінші кезеңі ұйымдастырылады деп жоспарлануда.

### АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

#### ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ШӘКІРТАҚЫЛАРЫ АРТТЫ

Президенттің тапсырмасы және «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде еліміздегі жоғары оқу орындары студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының шәкіртақы көлемі осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап арта түсті. Бакалавр бағдарламасы бойынша оқитындардың шәкіртақысы 20%-ға, ал магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 15%-ға ұлғайтылды.

«Бакалаврда оқитын студенттердің шәкіртақысы 26 186 теңгеден 31 423 теңгеге дейін артты. Педагогикалық бағыт бойынша оқитын жоо студенттері бұрын 42 000 теңге алса, енді 50 400 теңге алатын болады. Біз Президенттің тапсырмасын орындап, болашақ дәрігерлердің стипендиясын едәуір арттырдық. Олар 26 186 теңгенің орнына 50 400 теңге алатын болады. Өткен жылдың қаңтар айында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша шәкіртақы 25%-ға ұлғайтылды. Шын мәнінде, соңғы екі жылда бакалавриатта оқитын студенттердің стипендиясы шамамен 2 есе артты», — деді Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Сонымен қатар магистранттар, докторанттар мен интерндердің де шәкіртақылары артты. Егер бұрын магистранттар 66 913 теңге алса, енді олардың ай сайынғы стипендиясы 76 950 теңгені құрайды. Докторанттар стипендиясы 150 000 теңгеден 172 500 теңгеге дейін, интерндерде – 47 431 теңгеден 59 289 теңгеге дейін өсті.

Айта кетейік, биыл мұндай қолдау шаралары «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жол картасы шеңберінде жүзеге асырылып жатыр. Өзгерістер мен толықтырулар Үкімет қаулысымен жоғары оқу орындарының білім алушыларына мемлекеттік стипендияларды төлеу, олардың мөлшері және тағайындау Ережесіне енгізілді.

\*\*\*

#### ШӘКІРТТЕРІМІЗ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ШЕҢБЕРІНДЕ ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ ЖЕТІЛДІРЕДІ

Студент жастарымыздың жан-жақты білім алуы үшін мемлекеттік деңгейде қолдау жүзеге асып келеді. Соның бірі – жоғары оқу орындарының білімгерлеріне 1 академиялық кезеңде шетелде білім жетілдіруге мүмкіндік берілген.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне жаңа 2021-2022 оқу жылы үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан шетелде академиялық оралымдық шеңберінде студенттердің білім алуы үшін 6 (алты) орын бөлінген болатын. Аталмыш орындар үшін университетіміздің 72 білімгері өтініш білдірді.

Университет ректоры Жанар Темірбекова жетекшілік ететін арнайы комиссия құрылды. Комиссия мүшелері университетке бөлінген алты орынға тестілеу және сұхбаттасу емтиханының қорытындысы бойынша іріктеу жүргізді. Нәтижесінде ең жоғары ұпай жинаған білімгерлерді Түркия Республикасының жоғары оқу орындарына жіберуге және қосымша резервтік орын дайындауға шешім қабылданды.

\*\*\*

#### СТУДЕНТТЕРІМІЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚОРЫНЫҢ ШӘКІРТАҚЫСЫНА ИЕ БОЛДЫ

Жас ғалымдар форумында Нұрсұлтан Назарбаев Қорының шәкіртақысына ие болған 80 студенттің есімі аталды.

Аталмыш конкурсқа университетімізден 22 студент құжат тапсырды. Конкурс нәтижесі бойынша 3 студент топ жарып, «Нұрсұлтан Назарбаев Қорының стипендиаттары» мәртебесі берілді. Олар:

- «Жаратылыстану» факультеті «Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығының 3-курс студенті Мұрат Назира,
- «Медицина» факультеті «Жалпы медицина» мамандығының 4-курс студенті Рсмет Зарина Шералықызы,
- «Спорт және өнер» факультеті «Музыкалық білім» мамандығының 4-курс студенті Жақсыбаева Өтіргүл Шалқарқызы.

Нұрсұлтан Назарбаев Қорының студенттік шәкіртақы конкурсы 2021 жылдың 31 мамыр мен 15 тамыз аралығында өткізілді. Биылғы байқауға жалпы 350 өтініш жіберілген. Байқау екі турдан тұрады. Бірінші тур оқу орнында өткізіледі, ал екіншісі Қор ЖОО арасында ұйымдастырады. Екі турдың қорытындысы бойынша 80 студент жеңімпаз атанған.

Жобаның негізгі мақсаты жоғары және арнаулы орта (өнер және мәдениет) білім беру оқу орындарының күндізгі бөлім студенттерінің оқуға деген құштарлығын жоғарылату, ғылыми жұмыспен айналысуын және шығармашылығын қолдау. Қордың стипендиясы жеке болып табылады және бір жыл бойы беріледі. Барлық жеңімпаздарға «Нұрсұлтан Назарбаев Қорының стипендиаты» атағы беріледі.

Университетіміздің атынан конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанған студенттерімізді шын жүректен құттықтай отырып, оларға шығармашылық табыс пен биік шыңдарды бағындыруларын тілейміз! Аталмыш стипендия студенттерімізді жаңа табыстарға шабыттандырады және үздік оқуға ынталарын арттыра түсетін болады деп сенеміз!



## КЕЛЕШЕГІМІЗДІ КЕМЕЛ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтар болсақ, Президент білім мен ғылым саласының дамуына айрықша көңіл бөлу керектігін атап өтті.



Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде маман даярлау ісінде жоғары оқу орындарының рөлі маңызды екендігіне тоқталды. Халықты жұмыспен қамту органдары мен жоғары оқу орындары арасында байланысты нығайтып, аса қажетті мамандарды оқыту ісін қолға алу керек. Бұл мәселе де Президенттің назарынан тыс қалған жоқ.

Мемлекет басшысы назар аударған мәселелердің бірі – грант бөлу. Студенттердің сапалы білім алып, ештеңеге алаңдамай, біліктілігін арттыру ісіне ден қоюы керектігіне тоқталды. Болашақта оқу орындарына бөлінетін грант саны артпақ. Дефицит сезілген мамандықтар бойынша тегін оқыту мәселесі де жолға қойылады. Президент Жолдауындағы басым бағыттың бірі – қолжетімді білім мәселесі. Бұл салаға ерекше көңіл бөлінетіндігі ЖОО ұстаздарын қуантып отыр.

Сонымен қатар, ғылым саласына да айрықша маңыз берілді. Еліміздегі жоғары оқу орындарында, академияларда еңбек ететін ғалымдардың жұмысын лайықты деңгейде бағалау керектігі айтылды. Ғалымдардың еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесі шешімін табады. Ғылым саласына бөлінетін грант мерзімінің үш жылдан бес жылға дейін ұзартылуы ғылыми әлеуеттің дамуына қарқынды үлес қосатын болады.

Біз халықаралық оқу орны ретінде Жолдауда баяндалған басты бағыттарды кешенді түрде жүзеге асырып келеміз. Еліміздің ғылым-білім саласындағы қарышты қадамына өзіндік үлесімізді қосудамыз. Спорттағы жетістіктеріміз арқылы да салауатты өмір салтын кеңінен насихаттап келеміз.

Түйіндей айтқанда, Жолдау – жаңғыру мен жасампаздықтың жарқын үлгісі ретінде мемлекетімізді кемел келешекке жетелейтін болады.

**Жанар ТЕМІРБЕКОВА,**  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
ректоры, экономика ғылымдарының кандидаты.

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ЖАЙЛЫ ҒАЛЫМДАР ПІКІР АЙТАДЫ:

Жолдаудағы басым бағыттардың бірі мемлекетімізде білім алып жатқан жастарды қолдауға бағытталған. Халықаралық білім бәйгелерінің жеңімпаздары мен ЖОО грантын иемденген жастардың бірреттік қаржыландыруды зор табыс екендігі даусыз. Сондықтан жастардың кең көлемде білім алуы, олардың халықаралық деңгейде танылуына жол ашылады деген сөз.

**Құлбек ЕРГӨБЕК,**  
филология ғылымдарының докторы

Президент Жолдауында «Тұрғын үй азаматтарымыз үшін-қашанда басты мәселе... Осыған орай, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады», деді. Бұл ел азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етудің үлкен бағдарламасы болғалы тұр деп білемін.

**Сейдолла САДЫҚОВ,**  
филология ғылымдарының докторы

Президентіміздің Жолдауындағы мәдениет саласы қызметкерлері мен кітапханашылардың, қорықшылардың, мұрағатшылардың жалақысын кезек-кезеңімен 2022 жылдан бастап 2025 жыл аралығында арттыру туралы тапсырмасы кең қолдауға ие болды. Өйткені, бұл 600 мыңға жуық қызметкерді қамтып, сала мамандарын жігерлендіретіндігі сөзсіз.

**Зікірия ЖАНДАРБЕК,**  
тарих ғылымдарының кандидаты

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына жолдаған кезекті Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын ұсынды. Бұл туралы Үкімет пен Ұлттық банкке жыл соңына дейін мемлекет қаражатын басқару тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Бұл өз кезегінде Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң өзгеріс береді.

**Хазретәлі ТҰРСЫН,**  
тарих ғылымдарының кандидаты

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - Ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына биылғы Жолдауы көптеген игі мәселелердің басын біріктіріп отыр. Ұлттық жобаларды бекіту көзделген. Ендеше, жүйелі реформаларды жүзеге асыру үшін бірлік танытуымыз керек.

**Мұхтар ҚОЖА,**  
тарих ғылымдарының кандидаты

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАСТАУЫ



Таяуда оқу ордамызда «Президент жолдауы – ел өркендеуі мен ұлт ұйысуының кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Маңызды басқосуға қатысушылар ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын талқылап, Мемлекет басшысының білім, тәрбие және жастар саясатына, сонымен қатар, ауыл шаруашылығын дамыту және халықаралық қатынастар мәселелеріне байланысты берген тапсырмаларына тоқталып, пікір алмасты.

Іс-шараның алғы сөзін сөйлеген университет ректоры Жанар Амангелдіқызы: «Мемлекет басшысының кезекті Жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Әсіресе, Президентіміздің жастар саясатына, білім беру жүйесі мен ғылыми әлеуетті арттыру мәселесіне қатысты айтқан сөздері мен берген тапсырмалары кезек күттірмейді. Біздің мақсат – ел басшысының болашаққа қойған жоспарларына қолдау білдіріп, өзімізге артылған міндетті жауапкершілікпен атқару» – екендігін айтты.

Жиында университетіміздің ректор өкілі Женгиз Томар Жолдауда айтылған 7 бағытқа да тоқталып, өз пікірін білдірді. Әсіресе, сапалы білім беру және саяси жаңғыру мен адам құқығын қорғау мәселелеріне баса назар аударды.

«Сапалы білім беру арқылы сапалы адам қалыптастырамыз. Сондықтан Президенттің білім саласына айрықша көңіл бөлуі университетіміз үшін аса маңызды. Осы ретте, Жолдауда адам құқықтары мәселесі қамтылғаны көңіл қуантқанын да айта кеткенім жөн. Адам құқығы болмаса, ұлт қалыптаспайды. Ел дамуына демократияның күшімен ғана жете аламыз. Сонда ғана Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқан берік негіз қаланады», – деді Женгиз Томар.

«Нұр-Отан» партиясы Түркістан облыстық филиалының төраға орынбасары Бейсенбай Тәжібаев та өз ойын ортаға салып, Түркістан мен Халықаралық университеттің мүмкіндіктерін таразылады.

«Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында ауыл шаруашылығы мәселесіне ерекше мән берді. Бұл халық көп қоныстанған өңіріміз үшін үлкен мәнге ие. Түркістан облысы еліміз бойынша ауыл шаруашылығы саласында алдыңғы қатарда. Жаңа Жолдаудан кейін қарапайым халыққа тиімді жағдай жасалатыны анық. Оңтүстік аймақ бұл бағытта одан әрі қанат жаяды деп сенемін, ол үшін халықаралық университеттің қолдауы керек», – деді Б. Тәжібаев.

Дөңгелек үстелде Түркістан облыстық мәслихаты депутаттары Ғалымжан Елшібай, Бекарыс Шойбеков сөз сөйлеп, профессорлар Хазретәлі Тұрсын, Қалипа Тұрсынқызы, Булент Байрам баяндама оқыды.

Жиын соңында ректор Жанар Амангелдіқызы барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, айтылған пікірлер мен ұсыныстар аясында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.



## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА

**Профессор Досай КЕНЖЕТАЙ:**

### «ТЕОЛОГИЯ - ҮЛКЕН ҚҰБЫЛЫС»

**Биылғы оқу жылының басты жаңалығы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде теология факультетінің ашылуы. Бұған дейін бұл оқу ордамызда 11 факультет болған. Енді оған он екінші болып теология саласындағы жоғары кәсіби мамандарды дайындайтын арнайы бөлім қосылды. Студент қабылдауды биылғы жаңа оқу жылынан бастаған факультеттің тыныс-тіршілігі жайлы аталмыш факультет деканы, ғалым, ясауитанушы Досай Тұрсынбайұлымен сұхбаттасқан едік. Назарларыңызға ұсынамыз.**

**- Биылғы оқу жылының басты жаңалықтарының бірі жаңадан ашылған теология факультеті жайлы айта кетсеңіз?**

- Бұған дейін университетімізде дінтану кафедрасы жұмыс жасап келген болса, жаңа оқу жылынан бастап теология факультеті ашылды. Теология деген үлкен бір құбылыс. Осы құбылыстың ақиқатын біз 30 жыл бойы күттік әрі күттірдік. Кеңестік атеистік идеологияның инерциясы бізге осы күнге дейін әсер етті. Білім беру жүйемізге де, саясатымызға да ықпал етіп келді. Соның әсерінен біз теология деген құбылыстың мәнін түсіне алмадық. Биыл енді Түркістанда үлкен трансформация жүріп жатыр. Рухани жаңғыру аясындағы өзгерістер Түркістаннан бастау алып жатыр. Үстіміздегі жылдың 31-наурызында Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы болып жарияланды. Соның шарапатымен біз де биылғы жылдың басты жаңалығы десек те болады, өз алдына теология факультетін ашып отырмыз. Түркістан топырағы - рухани асыл арна. Арна дегеніміз өзі жауын жауған кезде жылғалармен су ағатын жер емес пе?! Міне қазір Қазақстанда бейнелі тілмен айтатын болсақ, Алланың нұры жауып, рухани жаңғырып жатқан кезіміз. Бұл да болса жақсылықтың нышаны, хикмет дер едім. Факультет те сол хикметтің көрінісі. Адамзаттың өркениет тарихы мен ойлау жүйесінде басты 3 таған бар. Олар: тәңір, дүние және адам. Оны біз Күлтегін жазбасындағы «жоғарыда көк, төменде жер, ортада кісі баласы» деген үштік космологиялық түсініктен де байқай аламыз. Осы болмыстың ең басты тұғыры – Алла және Алла туралы таным, түсініктер, анықтамалар дер едім. Сіз Алланы қалай танысаңыз, әлемді де солай танысыз. Сол арқылы өзіңіздің де болмысыңызға солай баға бере аласыз. Яғни, егер сіз Алланы заңғар деп танитын болсаңыз, сіздің рухыңыз да заңғар болмақ. Ал Алла әлемнің ішінде, яғни имманентті десеңіз, онда құндылықтарыңыз да материалданып шыға келеді. Оның ең түпкі бағыты кешегі маркстік материализм, атеизм болуы әбден мүмкін. Теологияның қажеттілігі мынада, ол сіздің ұлттық болмыстық құндылықтарыңыздың ұйықтап қалмауы үшін керек. Дінтану-теология саласының ғылыми-теориялық негіздерін, бағыттарын, ғылыми зерттеу әдістемесін игерген, діндер тарихын, ілімдері мен ғибадаттық ерекшеліктерін терең меңгерген жоғары білікті мамандарды – PhD докторларын даярлау басты міндетіміз.

ҚР білім және ғылым министрлігінде оқу бағдарламалары бар. Әр мамандықтың өзіндік шифрлары бар. Соның ішінде теология, исламтану, дінтану деген үш мамандық бар. Дін саласына қатысты 3 мамандықты дайындау қаншалықты дұрыс?! Меніңше дұрыс емес. Бір феноменге қатысты бір ғана мамандық даярлануы тиіс. Және оған қатысты салалар болуы керек. Діннің тарихы, діннің социологиясы, психологиясы деген сияқты. Ал бізде керісінше дінтанушы, исламтанушы, теолог деген мамандықтарды бөліп қарастырып жатырмыз. Қарасаңыз бір діннің саласында үш түрлі мамандық. Бұл да кешегі ғылыми атеизмнің, кеңестік идеологияның ықпалы. Соның әсерінен өлі де шыға алмай жатырмыз. Бұл да уақыт өте келе оң шешімін табады.

Дін дегеніміз кейбір адамдарда фанаттық тұрыда ұйықтатып жіберуі мүмкін. Мысалы: Ауғанстан, Таяу Шығыс елдері сияқты. Міне осылардың барлығына синкретикалық, аналитикалық талдау жасайтын орталық теология факультеті болуы тиіс. Теология факультетінің кешенді жұмыстарының барлығын біздің білім беру жүйесі де, саясат та, мәдениет те, ұлттық қауіпсіздік комитеті де барлығы да қолдану керек. Сонда әлемдегі болып жатқан дінге қатысты мәселелердің барлығына өзімізден үн қатып отыруымыз керек. Міне осындай ғылыми платформадағы үн қату орталығы негізі ХҚТУ-дан ашылған теология факультеті. Дін, ислам өркениетін алып келген Қожа Ахмет Ясауи. Түркістан қаласы мен Ахмет Ясауи есімі тығыз байланысты. Қожа Ахмет атын иемденген Халықаралық университетте теология факультетінің ашылуы заңдылық. Кеш те болса орнын тапқан бастама болды.

**- Өз алдына шаңырақ көтеріп, үй ішінен үй тігіп отырған жаңа факультеттің кадр мәселесі қалай шешілуде? ОПҚ құрамы жеткілікті ма?**

- Университетіміз ашылғалы 30 жылдың ішінде ғалымдарымыз шоғырланып қалған екен. Бізде ислам тәспірі, тарихы, діндер арасындағы қатынастар, діннің социологиясы, психологиясы осылардың барлығы да жетілген. Кафедрамызда оқытушы-профессор құрамы 70%-ды құрайды. Бұл дегеніңіз үлкен потенциал. Бәрі де өзіміздің түлеп ұшқан шәкірттеріміз, осы университетте білім алып, шетелдерде біліктіліктерін арттырып келген мамандар.

**- Факультетте қанша білімгер бар? Олардың қаншасы мемлекеттік грант иегері?**

- Теология және дінтану деген екі шифрда 50 грант алдық. Одан бөлек Түркия гранты, квотасы бар. Биыл факультетімізде 300-ге жуық білімгер оқып жатыр. Алдағы уақытта санын да сапасын да арттырамыз деп жоспарлап отырмыз.

**- Аталмыш факультеттің білімгерлеріне қойылатын талаптар қандай болмақ?**

- Шәкірттерге қойылатын негізгі талаптар дін құбылыс мен теологиялық, философиялық, діни антропологиялық мәселелерді сараптап, синтез жасай алуы керек. Бүгінгі заманның дінтанушысына, теологияна қойылатын негізгі талап осы болмақшы.

**- Факультетте қанша кафедра бар? Оқу-техникалық базасы жаңа оқу**

**жылына дайын ба?**

Факультетте дінтану, ислам тарихы мен өнері, теология кафедралары жұмыс жасайды. Дінді зерттеу, талдау журналын шығару жоспарымызда бар. Бұдан бөлек араб тілі дайындық курсы болуы шарт. Араб тілін білмей теолог болу, Құранды игеру, исламға, хадиске ену мүмкін емес.

**- Қазіргі таңда теология, дін саласына деген жастардың қызығушылығы жөнінде айта кетсеңіз?**

- Дін дегеніміз адамның табиғатында бар нәрсе. Себебі адамның табиғатында сенім деген категория бар. Ол сенім танымнан, сезімнен, мойынұсынудан бөлек өзінше бір құбылыс. Сенім бар жерде теологияға қызығушылық тоқтамайды. Себебі ол жерде ұмтылыс, ізденіс бар. Бүкіл ақиқатты іздеудің негізгі себебі адамның өзінің болмысында бар. Дәл қазіргі жаһандану жағдайында теологияға, дінге деген сұраныс алғашқы орында тұр. Сондықтан бұл факультеттің де, мамандықтың да болашағы зор. Бұл жаңа мамандық жаңа сала болып есептеледі біз үшін. Түркістан қаласының тарихы жөнінде әркім әртүрлі пікір айтады. Менің ойымда Түркістанда университеттің ашылғанына 800 жыл болған. 800 жыл болған университет әлемнің ешбір елінде жоқ. Ең алғашқы университетті Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырда салып кеткен. Содан бері қарай рухани желісі тоқтамай келе жатыр. Сондықтан да теология мамандығына деген ұмтылыс баянды болуы тиіс. Қаншама жылдан бері факультет ашуға әрекет жасадық. Дін құбылысын кешенді тұрғыдан зерттейік, білім беру жүйесіне өзіміздің

компонентімізді қосайық деген ұсыныстар айтылды. Бірақ бүгінгі күнге дейін ол ұсыныстарымыз қолдау таппады. Жаңа ректор келіп, мәселені дұрыс танығандықтан, кеш те болса енді факультет ашылып, қуанып отырмыз. Ештен кеш жақсы демей ме?! Көршілес Қырғызстанның өзінде 3 теология факультеті бар. Өзбекстанда осыдан 3 жыл бұрын теология факультеті ашылды. Мәселе оның санында емес сапасында, қарым-қатынасында. Ғылымда дін, философия, теология деген салалар бар. Осы үшеуінің арасын үйлестіруіміз керек. Оны өркениеттік, аксиологиялық, мәдениеттік тұрғыдан ұлттаралық қатынастарға қолдану жағын талдауымыз керек. Оны меңгеру үшін тек теориялық білім емес, практикалық дағды да керек. Мысалы ертең біздің факультетті бітірген маман қайда барады? Ол мешітке бара ма, әлде ғылыми зерттеу орталығына бара ма? Міне біз осы салалардың жұмысын жандандыруымыз керек. Осы сала, осы мамандықтың ашылмай жатқан арналарын ашу керек. Мәселен, Таяу Шығыстағы оқиғадан ықпалданған «Жусан» операциясын алайық. Қаншама отбасы қайғыға душар болды. Санадағы мүгедектікке фанатизмге ұшырады. Қаншама жас өскін қыршынынан қиылды. Міне осылардың барлығында құдай туралы ілім, сенім бар. Демек олардың құдай туралы ілімі мына әлеммен байланысқан кезде тепе-теңдігі жоқ. Сенімді тепе-теңдікте ұстайтын білім-ғылым. Фараби айтқандай адамда 5 интеллектуалды функция бар. Білу, тану, сезіну, мойынсұну. Соның бесеуі де дінде жұмыс жасайды. Ғылымда екеуі ғана жұмыс жасайды: білу мен тану. Философияда үшеуі бар. Олар: білу, тану, сезу. Теологиялық мәселелерді ғылыми танымға айналдыратын сала аралық байланыс бар. Оны дамыту үшін теориялық-практикалық мәселелерді дамыту, ұштастыру міндеті тұр. Теология факультетін ашудағы мақсатымыз – дінді ғылыми тұрғыдан дамыту меңгерту. Кез-келген құбылысты ғылыми таным тұрғысынан суреттей алуымыз керек. Маман бүкіл мәселелерін ғылыми таныммен кескіндей алуы керек. Сонда ғана оны меңгереміз. Басқа діндерді де аналитикалық сараптап, салыстыру керек. Ол үшін теологиялық құбылыстардың ерекшеліктерін білуі керек. Түркістан топырағы басынан 3 жаһандануды өткізді. 1. Араб. 2. Орыс. 3. Ағылшын жаһандануы. Теология жаңа бастама. Түркістан қаласының жаңа статусына сай бір бастама. Мәселе енді сол жаңа бастамаға сай мамандарды тарту.

Жазып алған: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА





## AKGÜN АВТОМАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Университет AKGÜN автоматтандыру жүйесіне өтуді бастады. Бірінші болып жатақхананы осы жүйе бойынша беру іске асырылуда. Алдағы уақытта университеттің барлық саласы осы базада автоматтандырылатын болады.

Бұл бағдарламаның артықшылығы адаммен тікелей байланыс болмайды. Әр білімгер жеке паролі арқылы құжаттарды ендіреді. Арнайы құрылған комиссия мүшелері өтініштерді қарап, мақұлдайды. Ұзын-сонар кезектен құтылып, университетке келмей, үйінде отырып жатақханадан орын ала алады.

Жатақхананың берілуін қамтамасыз ететін комиссия мүшелерінің құрамы – вице-ректор А.Тұрғанбаев, жатақхана басшысы С.Мұқанов, жастар орталығының басшысы А.Исмаилов және барлық факультеттердің декан орынбасарларынан құрылған.

**Сақтап берген МҰҚАНОВ, жатақхана орталығының басшысы:**

- AKGÜN базасына енуіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы, факультеттерге әділ бөлінуін айқындап береді. Платонустан мәліметтерді AKGÜNге көшіру біраз уақытты алды. Осыған байланысты жатақхана берілуі кешіктірілген болатын. Қазір 1,2 курстарды онлайн форматта оқытуға байланысты студенттердің өтініштері қайта қаралып жатыр. Ереже бойынша бірінші шетелдік студенттерге, грант иегерлеріне, квота, алыс аймақтардан келгендер мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына беріледі. Осы талапқа сай орындар бөлініп жатыр. Бұл база биыл сынақ ретінде жүргізілуде. Болашақта студенттер өздері қай бөлмені, кіммен жататынын өздері таңдайтын болады. Студенттерге қолдан келгенше жағдай

жасалынып жатыр. Жатақхана бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жасалып, 1,2 жатақханалардың шатыры күрделі жөндеуден өтті. Жылы су да өздіксіз берілетін болады.

**Гүлдана ӘБДЕНҚҰЛ, 2-курс студенті:**

- Осы жүйе бойынша алдым, қиындық болмады. Бірақ таяқтың екі ұшы болады демекші келіп өтінішті студенттің өзі білдіргені дұрыс сияқты. Жағдайын түсіндіре алады. Ал мына AKGÜN бойынша өтінішті бір рет бересің, егер мақұлданбаса қайта ашылмайды екен.

Жатақхана модулі университетке қарасты жатақхана мен тұрғын үйлерге қатысты мәліметтерге, онда тұратын білімгер және академия мүшелеріне қатысты мәліметтердің тіркелуін және бақылау жасайды. Атап айтсақ:

- Жатақхана / тұрғын үй ғимаратын бақылау
- Студенттің денсаулығы/мінез құлығы туралы мәліметтерді бақылау
- Жатақхананы қолдау
- Ағымдағы есепті бақылау
- Карточкамен кіру/шығуды бақылауды қолдау

AKGÜN университетті автоматтандыру жүйесі - бұл оқу орнын ақпараттық технологиялар бойынша процестерді орнатуды қамтамасыз ететін жүйе. Классикалық жүйелік тәсілден айырмашылығы, университеттің барлық кафедраларының мүдделері мен мүдделі өзара әрекеттестігі функцияларын ескере отырып, ұсынылған шешіммен бірге интеграцияланған платформа ұсынылады. AKGÜN университет автоматтандыру жүйесінің негізі мен көлемі екі маңызды тәсілмен анықталады.



Интеграциялық жұмыс үдерісін басқару: жұмыс үдерістерінің тиісті барлық бірліктерін қамтитындай түрде бір тұтас болып қолға алынуын, университетте пайда алып келетіндей түрде оптимизациясы. Интеграциялық ақпарат басқару: Университеттің құрылымында шығарылған ақпараттың тиісті барлық бірліктер тарапынан операциялық әрі стратегиялық тұрғыдан қолданыла алуы. Бағдарлама WEB бағдарламасы ретінде жұмыс істейді: ол корпоративті портал арқылы пайдаланушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ететін жұмыс үстелі компьютерлеріне арналған бағдарлама.

Модульдер:

- Куәлік және жүйе басқару
- Студент жұмыстары
- Академиялық ақпарат жүйесі
- Персоналды басқару
- Кітапханалық басқару
- Жатақхана және тұрғын үй
- Қорды бақылау, инвентарь және ұқсастық
- Түлектер
- Орталықтандырылған емтихан
- Портал басқару
- Core Builder

Дайындаған:  
Эльмира АРТЫҚБАЕВА

## СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚ АСХАНА ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Университетіміздің студенттік орталық асханасы жаңа оқу жылында есігін айқара ашты. Асханадағы ас мәзірі мен белгіленген баға мөлшері төмендегідей.

**Бірінші суретте** құны 400 теңгелік ланч мәзір бойынша алынған тағам көрініс тапқан. Бүгінгі түскі ас мерзіміндегі бұл мәзірде нан, бірінші және екінші тағам, сусын бар. Тұтынушы қаласа салат алуына болады және оның құны салат түріне қарай өзгереді.

**Екінші суретте** құны 500 теңгелік ланч мәзір бойынша алынған тағам көрініс тапқан. Бұл мәзірдің екінші тағамында ақ палау мен тауық еті бар. Бұл ланч мәзір бойынша да салатты қосымша ақы төлеп алуға болады.

**Үшінші суретте** таңдамалы мәзір бойынша алынған тағам бейнеленген. Бұл мәзір бойынша бүгінгі түскі аста таңдалып алынған тағамның құны – 1320 теңгені құрады. Тұтынушының таңдауына сәйкес, баға да өзгереді.

Студенттік орталық асхана қазіргі таңда толыққанды іске қосылып, жоғарыда көрсетілген ланч мәзір мен белгіленген баға бойынша тұтынушыларымызға дәм ұсынып, қызмет көрсетуде.





## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ



## ЫСТЫҚ ҚОЙ ШІРКІН, ТУҒАН ЖЕР!

Туған жерім алтын бесік тұғырым,  
Ізі қалған сан данышпан ұлының.  
Кәусарындай бұлағыңнан сусындап,  
Бесігіңде тербетілген қызыңмын.

Туған жер, осы сөзді естігенде құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиіп, бойымды бір тәтті сезім билейді. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» демекші, қай жерде жүрсем де туған жеріме деген мауқым бір басылар емес.

Сынаптай сырғып жатқан уақыт, туған жерімнен шеттеп кеткеніме көзді ашып-жұмғанша екі жыл уақыт болыпты. Туған жерімде өткен балдай тәтті балалық шағым, қайталанбас қызықты сәттерім, жүрегімді еріксіз тербеп сағыныш жасына айналдырды. Әркімнің кіндік қаны тамған жеріне деген махаббаты ерекше, шегіне жетіп болмайтын сағыныш. Шыр етіп дүние есігін ашқаннан, жер бауырлап еңбектеп, тәй-тәй басып жүріп, былдырлап тілім шығып, мектеп табалдырығын аттап, оң мен солымды танығанға дейін, осылардың барлығы туған жерімнің төсінде болған қайталанбас сезім шыңы.

Әлі есімде 2019 жылдың 30-тамызында таң алагеуімде жиналып, аңсап емешегім үзілердей болған атамекенге жол тартпақ болдық. ҚХР Шұр, Іле-қазақ аймағындағы Борбосын деген қазақ ауылында тұрушы едік, туысқандарымыздың бәрі сол ауылда, әжеммен де (әкемнің анасы) үйіміздің жанында қанаттасып отырушы едік. Қалың көрші-қолаң, туыс-туған таң сәріден үйіміздің алдында жиналып тұр, бүгін біздің кетерімізді, (дәм тартса келерміз көруге, ал дәм тартпаса мәңгілікке туған жермен қоштасарымызды) сезсе керек. Екі шаңырақ болып тарихи елге қоныс аудардық. Бірі біздің шаңырақ болса, бірі біздің әулетпен құдағи болып келетін кісі еді (60 жастың бел ортасында), екі ұлымен. Ал әжем кенже ұлының қолында екі немересі, келінімен қалатын болды. Бірақ біздің көшпен бірге келіп, жайғасқанымызды, орнықтанымызды көріп қайтпақ болды. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі да-

лада» деген мақал тағы бір тереңінен дәлелденді. «Ауыл қаңырап бос қалғандай болды» деп көршілеріміз жылап қоштасып жатқан бейнелері әлі есімнен кетер емес. Әкемнің көзінен ыстық жас парлағанын екінші рет көрген кезім еді, (бірінші рет атам дүниеден өткенде), көз алдымдағы қимастық көрініс, жүздерін мұң шалған іні-сіңлімді көрген менің көкірегімді ащы өксік кернегені соншалық, дауысым шықпай қыстығып қала бердім. Анамнан алысқа кетіп бара жатқандай күй көштім. Таныс аймақ, таныс дала, таныс маң, оның әр-бір тасы да таныс маған. Енді кеш қаламыз деп көлік жүргізушілер асықтыра бастады. Туған жерден алыстап жылжып барамыз, жол қатты ұзақ сезілді, ал енді қоштасудың ыстық жасы еріксіз көзімнен парлады...

Уақыт өтті...  
Сәмкемде туған жерімнің екі уыс топырағы бар еді. Үйдегілер жүк артып арпалысып жатқанда, қоңыр түсті шетін анам ақ торғын жіппен кестелеген әкемнің бет орамалына түйіп алған едім. Ендігі бар алданышым сол болмақшы. Елді сағынған сайын сол топырақты ашып бір иіскеп сағынышымды бір басқандай боламын.

Адамның кіндік қаны тамған жерге, маңдайының тері де таму керек емес пе еді? Менің туған жеріме деген сағынышым шексіз, ғажайып бір жұмбағы мол құбылыс болып қала бермек.

Құмаргүл ДОСАНХАНҚЫЗЫ  
3-курс студенті



## ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ - СІЗДІҢ ГАЗЕТІҢІЗ!



## Құрметті оқытушы-профессорлар қауымы! Қымбатты студенттер!

«Ясауи университеті» университеттік газеті - Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің төл басылымы. Газет 1994 жылдан бері шығып келеді. Негізгі бағыты – университеттің мәдени-көпшілік орындарында және факультеттерінде өтіп жатқан басты-басты жаңалықтармен оқу-орын қызметкерлерін, ұстаздар мен студенттер қауымын таныстырып отыруға бағытталған.

Газеттің ең басты мақсаты – университеттегі қызметкерлерді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен, жаңа оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, монографиялармен, сонымен қатар студенттің мамандық игерудегі жаңа көркем шығармашылықтағы табыстарымен таныстыру. Сонымен қатар университеттегі жазуға бейімі бар студенттердің шығармашылығын арттыру. «Ясауи университеті» газеті негізінен студенттерге арналып, ізденушілердің көмегімен жарық көрген басылым. Университеттің үздік студенттерінің ғылым мен білімдегі, спорттағы, қоғамдық жұмыстардағы жеткен жетістіктері баяндалады. Осыған байланысты газетке жазарыңыз, айтар ойыңыз болса мархабат! Біз сіздерден тың ойлар мен тиімді ұсыныстар, қызықты мақалалар күтеміз!

Редакция ұжымы





## Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi 2021-2022 Akademik Yıl Açılış Töreni Gerçekleştirildi



Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi "2021-2022 Akademik Yıl" açılış töreni Türkistan kampüsü ile Ankara'da bulunan Mütevelli Heyet Başkanlığı arasında çevrim içi bağlantı kurularak gerçekleştirildi.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Sayın Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK'in açılış konuşmalarının ardından üniversitemizin akademik yıl açılış dersini veren son Başbakan, AK Parti Genel Başkanvekili Sayın Binali YILDIRIM Beyefendi tecrübelerini öğrencilerimize ve hazıruna aktardılar. Konuşmalarında "Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi Hazretleri'ne sormuşlar: 'Müslüman mısınız?' 'Elhamdülillah Türk'üm, Müslüman'ım.' demiş. 'Neden Türklüğü katıyorsun, biz dinini soruyoruz?' demişler. 'Din seçim, Türklük kaddedir.' demiş." hikâyesine yer veren Sayın YILDIRIM, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin üstlenmiş olduğu önemli görevlere vurgu yaptılar.

Sayın Binali YILDIRIM'ın konuşmalarından sonra Mütevelli Heyet Başkanı Sayın Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, T.C. Kültür ve Turizm Bakanlığı Bakan Yardımcısı Sayın Dr. Serdar Çam'ı kürsüye davet ettiler. Son olarak sözü, üniversitemiz Rektörü Sayın Dr. Janar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Sayın Prof. Dr. Cengiz TOMAR şükranlarını sundular.

Açılış sonunda Mütevelli Heyet Başkanı Sayın Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK tarafından, Kur'an-ı Kerim'de dört defa geçen "kalem" kelimesine atıfta bulunularak Sayın Binali YILDIRIM'a kalem, Kazak millî kıyafeti "Şapan", Yesevi ocağında kullanılan "Tay Kazan" ve Hoca Ahmet Yesevi'nin hikmetlerinin yer aldığı kat'ı sanatıyla yapılmış bir tablo hediye olarak takdim edildi.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin Ankara'da bulunan Mütevelli Heyet Başkanlığında gerçekleşen toplu anı fotoğrafı çekimi sonrası, "2021-2022 Akademik Yıl" açılış töreni sona erdi.



## REKTÖR ULUSLARARASI GENÇ BİLİM ADAMLARI FORUMU'NA KATILDI

Hoca Ahmet Yesevi uluslararası kazak-Türk Üniversitesi Rektörü Zhanar Temirbekova, «bağımsız Kazakistan'ın entelektüel potansiyeli: 30 yıllık oluşum ve gelişme» adlı uluslararası genç bilim adamları Forumu'na katıldı.

Kazakistan'ın bağımsızlığının 30 yıldönümüne adanmış forum 8-10 Eylül 2021'de gerçekleşti. Bilimsel ve teknolojik işbirliğinin canlandırılmasına ve ortak bilimsel ve teknolojik projelerin geliştirilmesi ve gerçekleştirilmesi için koşulların oluşturulmasına katkıda bulunan etkili bir iletişim platformu olacaktır. Forum programına göre çeşitli etkinlikler düzenlenecektir. Özellikle Rektör Zhanar Amangeldiyevna, «modern Kazakistan bilimlerinde sürdürülebilir kalkınma» adlı çevrimiçi yuvarlak masa toplantısına katıldı ve moderatör oldu.

Yuvarlak masa toplantısında

Kazakistan'daki araştırma faaliyetlerinde istikrar konuları, ülkenin son beş yıldaki başarıları ve önümüzdeki 5 yıldaki fırsatları değerlendirildi.

Büyük ölçekli etkinliğin, Kazakistan Cumhuriyeti Ulusal Bilimler Akademisi ve PKK'nın eğitim ve bilim Bakanlığı'nın desteğiyle Nursultan Nazarbayev Vakfı bünyesindeki bilim Konseyi tarafından organize edildiğini kaydedelim.

«Bağımsız Kazakistan'ın entelektüel potansiyeli: 30 yıllık kalkınma ve kalkınma» Konferansına 14 ülkeden yaklaşık 200 konuşmacı ve konuşmacı katılacak. Bunlar Kazakistan, Beyaz Rusya, İngiltere, Almanya, Kanada, Çin, Letonya, Portekiz, Rusya, ABD, Tacikistan, Türkiye, Ukrayna ve Fransa'nın temsilcileridir. Etkinlik sırasında genç bilim adamları güncel bilim, komünizm ve eğitim konularını tartışabilecek, yerli ve yabancı ortaklar arasında deneyim alışverişinde bulunabilecek, bilimsel toplulukların bağlarını güçlendirebilecek.

## Öğrencilerimizin Büyük Başarısı 6 madalya



Rusya Federasyonu'nun Kazan şehrinde 16 spor dalında müsabakalar gerçekleştirilmektedir. Bağımsız Devletler Topluluğu ülkeleri arasında ilk kez organize edilen yarışmada öğrencilerimiz büyük başarılar imza attılar. Sambo dalında 80 kg kategoride mücadele eden Nazgül Yesimbek, gümüş madalya kazandı. Aynı spor dalında 59 kg kategoride Gülzira Kuldasbek, üçüncülüğü elde etti.

Diğer güreş dalında (Belt wrestling) 52 kg kategoride yarışmaya katılan Nazerke Abiltayeva, gümüş madalya sahibi oldu. Güreşçilerin üçü de Üniversitemizin Beden Eğitimi Bölümünün öğrencileridir.

I. BDT Oyunları'nda göğsümüzü kabartan öğrencilerimizi ve antrenör Abdısadık Halillayev'i tebrik eder, başarılarının devamını dileriz!



## СОҢҒЫ БЕТ

## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КӨНЕ 8 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНЫ

## Болонья университеті

Әлемдегі алғашқы университет – Болонья университеті (1088 жылы құрылған). Ол «Университет анасы» деп аталады. Италияның Болонья қаласында орналасқан Еуропадағы танымал, әлемдегі ең көне университет болып табылады. Ортағасырлық заманда бұл оқу орыны көптеген зиялыны тартқан және Еуропадағы маңызды академиялық білім беретін орталық мекеме болған. Бүгінгі күнде Италиядағы ең ірі университеттердің біріне 100 мыңнан астам студент білім алады.

## Оксфорд университеті

Ұлыбританиядағы ең бірінші университет – Оксфорд университеті (1168). Оксфорд қаласында орналасқан. Ол Мертон колледжі, Жаңа колледжі, Патша колледжі және басқа да колледждерден құралады. Әлемдегі жоғары оқу орындарының ішіндегі үздігі, беделдісі, танымалы осы университет. Әр колледждің өз тарихы мен тамаша сәулет ескерткіштері бар.

## Коимбра университеті

Португалияның көне университеті (1290) Португалияның ежелгі астанасында орналасқан. 18 ғасырда Бразилиялықтар жергілікті үкіметтен Коимбра университетінің режиміне сәйкес оқу орынын құруды сұрады. Олардың бұл ұсыныстары португалдардың қарсылығына ұшырағандықтан, аяқсыз қалған. Алайда Бразилияда Коимбра университеті әлі де білімнің ертедегі ең үлкен үлгісі болып табылады.

## Саламанка университеті

Испанияның бірінші университеті. Саламанка университетінің негізі 1218 жылы қаланған. Испан жеріндегі Саламанка қаласында орналасқан. Еуропаның Оксфордтан кейінгі екінші білім ордасы осы Саламанка университеті болып табылады. Осы тарихи қала әлемнің түрлі бөліктеріндегі пәнаралық ғылыми-зерттеу саласының таланттары мен элитасы жиналды. 16-шы ғасырдың аяғында



аталған ЖОО Еуропаның ірі оқу орталықтарының бірі болып қалыптасты. Ол Париж университеті, Оксфорд университеті және Болон университеттерімен тең иық теңестірді.

## Париж университеті

Франциядағы ең алғашқы ірі жоғары оқу орны – Париж университеті (1180). Ол халықаралық танымал университет болып табылады. 1180 император Луи VII ресми түрде «Университет» атағын береді. Бастапқыда Нотр-Дам академиясына тәуелді болған. Негізі 9-шы ғасырда қаланған және Италиялық Болон университеті секілді әлемнің ең көне университеті деген атағы бар. Оны әлем халқы «Еуропалық университеттердің анасы» деп атайды.

## Гейдельберг университеті

Германиядағы ең көне университет – Гейдельберг университеті (1386). Прага және Венадан кейінгі ашылған үшінші университет. ЖОО Германияның Гейдельберг қаласында орналасқан. 16-шы ғасырдың екінші жартысында Гейдельберг университеті Еуропалық ғылым және мәдениеттің орталығы болды.

## Гарвард университеті

Америка Құрама Штаттарындағы алғашқы университет – Гарвард университеті (1636). Университет аспиранттар мен ғылыми-зерттеу негізінде жан-жақты оқытуға көшкен ерте американдық жеке жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Орталығы Бостонның Кембриджінде орналасқан. Медициналық және бизнес мектеп Кембридж қаласында.

## Токио университеті

Жапонияның бірінші ұлттық университеті – Токио университеті (1877). Жапония ең жоғары институт ретінде танылған Азиядағы ең көне университеттің бірі.

Бүкіл әлем бойынша Азиядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Оның негізі Мэйдзи кезеңде қаланып, алғашқыда Токио ашық мектептер мен медициналық мектебі құрылған

Массажет кз

## ЕЛІМІЗДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ӨЗГЕРДІ

Жаңашылдықтар мамандықтарға байланысты енгізілді және жоғары білімнің практикалық бағдарлануын күшейтуге бағытталған. Мәселен, егер бұрын-соңды «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша оқытушылардың 45%-ында ғылыми дәреженің болуы міндетті болса, ал қазір бұл көрсеткіш кемінде 50%-ды құрайды. Бұдан басқа, жоғары оқу орындары дуалдық оқыту жүйесін енгізіп, іске асыруы қажет. Яғни, студенттер білім беру ұйымдарында тәжірибеден өтіп, жоо-да оқу кезінде практикалық дағдыларды алуы тиіс. Ол үшін университеттер білім беру ұйымдарымен және салалық мекемелермен тығыз байланыста болуы қажет. Өткен жылы педагогтерді даярлау бойынша талаптар енгізілген. Атап айтсақ, білім беру бағдарламаларының педагогтің кәсіби стандартына сәйкестігі және бейінді бағыт бойынша кемінде 7 лицензияның болуы қажеттігі туралы. Бұл педагогикалық бағыттар бойынша білім беретін жоғары оқу орындарының санын 86-дан 55-ке дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Осы талаптарға сәйкес келетін жоғары оқу орындарының саны одан да аз болғандықтан, лицензияларды қайтару бойынша жұмыс жалғасатын болады. Мұндай жаңашылдықтардың нәтижесінде педагогтерді сапалы білім беру бағдарламалары мен білікті оқытушылар құрамы бар, сондай-ақ тиісті материалдық-техникалық базамен жабдықталған университеттер ғана дайындайтын болады.

«Денсаулық сақтау» бағытына келетін болсақ, оқытушылардың құрамы мен дәрежесі бойынша талаптар өзгеріссіз қалды. Бірақ енді бейінді пәндерді жүргізетін оқытушылардың 50%-ында Денсаулық сақтау ұйымдарында кемінде 5 жыл практикалық және клиникалық жұмыс тәжірибесі болуы тиіс. Бұған дейін денсаулық сақтау саласындағы оқытушыларға мұндай талаптар қойылмаған. Бакалавриат түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші олардың жалпы санының кемінде 80%-ын құрауы тиіс, ал бұрын 50% жеткілікті болатын.

«Сәулет және құрылыс» бағыты бойынша оқытушыларға кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап алғаш рет енгізіліп отыр. Мұндай оқытушылардың саны педагогтердің жалпы санынан 50%-дан кем болмауы тиіс. Сондай-ақ оқытушылар кемінде 5 жылда бір рет ғылыми-зерттеу, іздеу, жобалау және өндірістік ұйымдарда біліктілігін арттыруы қажет. Бұдан басқа, жоғары оқу орындарында енді мамандандырылған аудиторлар (құрылыс материалдары мен құрылыс физикасы бойынша, студиялық сабақтар үшін, гипс фигуралар қоры бар макеттік шеберхана, сәулет бөлшектері, мольберттер және т.б.) және арнайы материалдары бар 3D-принтерлермен жабдықталған зертханалардың болуы талап етіледі. «Құқық» бағыты бойынша студенттерге жыл басынан 72 жоо білім берді, бүгінде олардың саны 67-ге дейін қысқарды. Дегенмен, олардың көпшілігінде білім сапасы көңіл көншітпейді. Сондықтан олардың білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптар күшейтілді. Алғаш рет оқытушылардың кем дегенде 60%-ы кемінде 5 жыл тәжірибесі бар заңгерлер болуы керек деген талап енгізілді. Ғылыми дәрежеден өткен оқытушылар саны 50%-ға дейін өсуі тиіс. Бұрын-соңды бұл көрсеткіш 40%-ды құрайтын. Студенттердің практикалық дағдыларды алу мүмкіндігі болуы үшін жоғары оқу орындарында әділет және/немесе ішкі істер органдарымен (полициямен)

және/немесе прокуратурамен және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен және/немесе экономикалық тергеу қызметімен және/немесе адвокаттар алқасымен және/немесе нотариаттық палаталармен және/немесе заң консультанттары палаталарымен келісімшарт болуы қажет. Студенттер тек университеттердегі кітапханаларға ғана емес, сонымен бірге лицензияланған халықаралық және ұлттық құқықтық ақпарат қорына да қол жеткізе алуы тиіс. «Біз барлық жаңашылдықты жоғары оқу орындары білім алушыларға теориялық қана емес, практикалық білім беруі үшін және студенттер таңдаған мамандығын туралы теория бойынша емес, тәжірибе жүзінде игеруі үшін енгіземіз. Өзгерістерді енгізбес бұрын, біз бұл тетіктерді болашақта жоо түлектерін жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілермен талқыладық. Яғни, қазір оқытушылардың ғылыми дәрежесінің болуы және олардың дәріс оқуы жеткіліксіз. Оқытушылардың бір бөлігі студенттерді қазіргі еңбек нарығының сұраныстарына сай оқыта алатын тәжірибелі мамандар болуы маңызды. Оқытушы жұмыс істейтін саласына сәйкес сабақ беруі тиіс. Сонда студенттеріміз өздерінің әрі қарайғы жұмысында қолданылатын білім мен дағдыларға ие болады. Жаңашылдықтар оқытушылар құрамына да, білім беру бағдарламалары, практика базалары және материалдық-техникалық жарақтандыруға да қатысты. Осы кешенді өзгерістердің барлығы оқыту сапасы мен кадрларды даярлау процесін жақсартуға бағытталған. Бірінші кезекте, бұған жоғары оқу орындарының өздері мүдделі болуы тиіс», – деп атап өтті ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенова.

Сонымен қатар ҚР БҒМ «Журналистика», «Қоғаммен байланыс», «Мейрамхана ісі», «Бухгалтерия», «Туризм», «Қызмет көрсету», «Қаржы», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Стандарттау және сертификаттау», «Көлік қызметтері» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша талаптарды өзгертті. Мысалы, егер бұрын журналистика немесе IT саласындағы оқытушылардың кемінде 40%-ында ғылыми дәреженің бар болуы талап етілсе, ендігі кезекте білім беру процесіне тәжірибесі бар мамандарды тарту үшін дәрежелілік пайызы айтарлықтай төмендеді. Штаттағы оқытушылардың болуына қойылатын талаптар бойынша да өзгерістер енгізілді. Енді осы бағыттар бойынша дайындықты жүзеге асыратын жоғары оқу орындары практиктер мен жұмыс пен оқыту процесін қатар алып жүретін мамандарды тарту мүмкіндігіне ие болды.

«Журналистика», «Қоғаммен байланыс», «Мейрамхана ісі», «Туризм» және т.б. бағыттар бойынша кадрлар даярлаудың ерекшеліктеріне сәйкес, біз бұл салаларда оқытушылардың ғылыми дәрежелерінің болуы жөніндегі талапқа басымдық берілмейтінін түсінеміз. Мамандардың практикалық білімі әлдеқайда маңызды. Мәселен, өз тәжірибесімен бөлісіп, қазіргі журналистика саласында мамандарға қойылатын талаптар туралы айта алатын тәжірибелі журналист сабақ берсе, журналистика факультетінің студенттері оқуға көбірек қызығушылық танытады. Бұл бағдарламашылар, бухгалтерлер немесе аудиторларды даярлауға да қатысты. Жұмыс берушілер арасында жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сай мамандар сұранысқа ие екенін білеміз», – деді ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенова.

## Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.